

Джайбергенова Шолпан Суйеуовна

"Теңге бөбекжай-бақшасы" тәрбиешісі

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы

Балалардың рухани-адамгершілік тұрғыда қалыптасуына отбасы мен балабақшаның ықпалы

Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып, балабақшамен байланыс арқылы одан әрі жалғасады. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие екі жақты процесс. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектен білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Ата-бабаларымыз баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Халықтың өткені, жаны, бүкіл рухани дүниесі және барша шығармашылық ой толғаныстарының ғажайып сыры тіл қойнауында бейнеленген. Мұның бәрі ана сүтімен бірге бала бойына дариды. Ең бастысы, осының бәрі «ананың тілі, аяулы үнімен» жеткені абзал. Бала бесік жырын тыңдап өсуі тиіс. Өйткені, алғаш рет баланың жан сезімін тербейтін, рухани жігер беретін – халық әуені. Қазақтың ән-күйлері сарынды, кең тынысты, шалқымалы болып келеді. Жанға жағымды нәзік әуендер адамға эмоционалдық - эстетикалық әсер береді. Сәби тәрбиесі мен мінез-құлқын қалыптастыруда бесік жырының орны мүлде бөлек. Ол баланың көкірек көзін ашады, жан-жүйесін тербейді, сезімін

сергітеді, көңіл-күйін көтереді. Есейе келе өнерге, сөз өнеріне бейімде-леді. Әже мен ананың әлдиі сәбидің алғашқы өнер мектебі екені баршаға белгілі. Ұлы Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең» деуі тегін емес. Бесік жырында ұлттық тәрбиенің үздік үлгісі жатыр. Алайда соңғы жылдарда бесік тербетіп отырып бесік жырын айтатын әже, ана азайды. Бесік тербететін баланың өзі бөпесін өлең айтып ұйықтататын. Бұрын ананың бесік жырын сәби ғана емес, ауыл балалары, тіпті үлкендер де құлағын салып тыңдап отыратын. Осыған баланысты: «Балапан ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің»-дейді халық. Сондықтан баланың ең әуелгі өсетін ортасы - отбасы тәрбиесіне өте терең көңіл бөлу керек. Егер отбасында жақсы тәрбие алған болса, өскенде де сол тәрбиенің ізімен баруы сөзсіз. Баланы отбасында еңбекке тәрбиелеу өте орынды, бала ересек болған сайын еңбекке тәрбиелеу күрделене беруі керек. Тәрбиенің түптамыры – ұлтты қадірлеу, ұлттық әдет ғұрыпты дамыту, ұлттық дәстүрді жандандыру, ұлтаралық достық қарым қатынасты нығайтуға үйрету. «Жаста білген, басқа сіңген тәлімің, өзің өлмей сүйегіңнен қала алмас», - деп классик жазушы айтқандай балалық шақтан бойына орныққан, ана сүтімен даритын, ұлттық сезім нышандары, сөз өнері оның болашақ шамшырағына айналып, рухани байлығын кеңейтеді. Оны туған жерге, елге, халқына деген сүйіспеншілікке, патриоттыққа тәрбиелеу – аса жауапты міндеттердің бірі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей бала тәрбиелеуде осындай міндеттерді іске асырушылар – балабақша мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілген тәлім тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргізілгенде ғана мақсатымыз нәтижелі болу үшін біздің ұжымымыз ізденіс үстінде. Отбасында ата-аналарға педагогикалық білім беру өте қажет, себебі ата-ана бала тәрбиесінің мақсат, міндеттерін айқын түсінбей бала тәрбиесінің жолдары мен амалдарын ойдағыдай іске асыра алмайды. Ата-аналарды ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатыстырудың маңызды нәтижесі ата-аналар өз балаларының оларға тән емес ортадағы қылығын, оның басқалармен қалай араласуын, білім деңгейін, құрдастарының оған деген қарым қатынасын зерттей алады. Өз баласының дамуы басқалардан артта

қалған жоқ па, балабақшада ол үйдегідей емес, өзін басқаша ұстауын еріксіз салыстырады. Бәрін мен дұрыс істеймін бе, неге менде тәрбиелеудің өзге нәтижесі қалыптасқан, неге үйрену керек деген рефлекстік қызмет «іске қосылады». Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарында ата-аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ-жауап кештері, ата-аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс-тәсілдері қарастырылды. Ата-аналармен мейілінше кең тараған жұмыстардың бірі ол ашық есік күні. Ата-аналармен топтарға саяхат жасау, балабақша жұмысынан үзінді көрсету (ұжымдық жұмыстар, серуен т.с.с.) немесе әдіскер ата-аналармен әңгімелеседі, олардың алған әсерлерін анықтайды, туындаған сұрақтарға жауап береді. Әдетте кеңестер жүйесі құрастырылады, олар жеке дара немесе ата-аналар топтарымен жүргізіледі. Ата-анамен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ. Біздің мақсатымыз заман талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу. Өсер елдің ұл-қızıна аумалы төкпелі уақыттың асылы мен жасығын ажырата білер үлгі мен ұлағат керек. Шаттана жүріп шалдығатын, шаршай жүріп шаттанатын талғамшыл заманның талабына сай тәрбие керек. Талғам мен талаптың арасын алшақтатып алмасақ жақсы. Көш жүре түзелер деп өзімізді - өзіміз жұбатқанымыз бос белбеулілік. Ата жұртымыз көшке қамданғанда жолда түзелер деп тәуекелге бел бумай, тас түйін шыққан. Бала бойындағы табиғат дарытқан тазалықты сақтап, өз тағдырының әміршісі өзі боларлық ынтасын оята білсек, мәңгі бала күйінде қала беретіндей қарамай, өмір даналығы бұлақ көзін көрсете білсек үлкен жетістік сол болмақ. Міне, біздер тәрбиешілер, ата-аналар, қоғамдық ұйымдар ұрпақ тәрбиесіне, оның келешегіне жауапкершілікпен қарап, тәрбие жұмысының тиімді әдіс тәсілдерін ынтымақтаса жүзеге асырсақ, ғұмыр жер тағдырын, еліміздің болашағы күні ертең бүгінгі балабақша ұландарына сеніммен тапсыруға болады.